



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 25 қазан

Данияр Ақышев - Қазақстандағы инфляциялық процестер ҚРҰБ-ның болжамдарына сәйкес қалыптасады

9 айда жинақталған инфляция 4,2% болды, бұл өткен жылғы деңгейден (5,6%) төмен. Қыркүйекте жылдық инфляция 7,1% деңгейінде қалыптасты. Өткен жылы осы уақыттағы жылдық инфляция 16,6% болған.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Астана қ. Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы баспасөз конференциясы барысында хабарлады.

«Жылдың қорытындысы бойынша инфляция ағымдағы жылға арналған 6-8%-дық нысаналы дәліз шегінде сақталады деп күтеміз» - деді Д. Ақышев.

Ол 2017 жылғы қыркүйекте халық пікіртерімі нәтижесі бойынша қабылданатын инфляция деңгейі тұрақты деңгейде екендігін атап өтті. Инфляциялық күтулердің бір жыл бұрын 6,5% деңгейдегі сандық бағасы нақты инфляциядан төмен қалыптасуда және алдағы жылдың 5-7%-дық нысаналы дәлізі шегінде.

Данияр Ақышев ақша нарығындағы ахуал туралы

Данияр Ақышев ақша нарығындағы ахуал туралы Астана қ. Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында республикалық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен өткен баспасөз конференциясында айтып берді.

«9 қазанда базалық мөлшерлеме 10,25% деңгейде сақталды. Ұлттық Банк үшін нарықтағы мөлшерлемелердің нысаналы мәні болып табылатын TONIA индикаторы оның төменгі шегіне жақын ішкі пайыздық дәлізде қалыптасады. Қыркүйекте ол төменгі шектен төмен түсті, бұл автоматты РЕПО секторындағы теңгелік өтімділіктің өскен ұсынысына байланысты. 22 қыркүйектен бастап TONIA индикаторы базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізі шегінде тұр», - деді Д. Ақышев.

Оның айтуы бойынша, Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операциялары артық теңгелік өтімділікті алуға бағытталған. ҚРҰБ операцияларының сальдосы қыркүйектің соңында 1,5 трлн. теңге болды.

«Қысқа мерзімді ноттар негізгі құрал болып қалуда. Қыркүйектің соңында айналыстағы ноттар көлемі 2,7 трлн. теңге болды», - деді Д. Ақышев.

Ол Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарды үнемі орналастыруы, сондай-ақ Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы кірістіліктің қисығын қалыптастыруға ықпал етеді деп атап өтті. «Пайыздық мөлшерлемелер бойынша құрылатын бенчмарк айналыс мерзімі әртүрлі қаржы құралдарына баға белгілеу кезінде бағдар айқындауға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанда кредиттік белсенділіктің өсуіне және қор нарығының дамуына оң әсер етуге тиіс», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Валюта нарығындағы ахуал тұрақтанды – Данияр Ақышев

2017 жылғы тамыз-қыркүйекте валюта нарығы девальвациялық күтулердің өсуі жағдайында құбылмалы болды. Алайда, көбінесе Ұлттық Банктің операцияларына байланысты ахуал тұрақтанды. Жыл басынан теңгенің әлсіреуі 0,5%-ды құрады.

Бұл жөнінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев Астана қаласының Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз конференциясы барысында айтты.

«Қыркүйекте халық нетто негізде 264,5 млрд. теңге балама сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Шығыстардың негізгі көлемі 71% немесе 188 млрд. теңге қолма-қол АҚШ долларын сатып алуға, Ресей рубліне 21% (56 млрд. теңге), еуроға – шамамен 8% (20 млрд. теңге) жіберілді. Алдыңғы аймен салыстырғанда бұл шығыстар 25,6%-ға қысқарды».

Қорыта келгенде, ол қыркүйекте байқалған қолма-қол АҚШ долларын сатып алу көлемінің барынша төмендеуі жаппай демалыстар кезеңінің аяқталуымен, сондай-ақ халықтың девальвациялық күтулерінің тұрақталуымен түсіндірілетінін атап өтті.

Қыркүйектің қорытындысы бойынша депозиттердің көлемі өткен жылғы желтоқсанның көрсеткішінен асып түсті – Д. Ақышев

Жыл басынан бері алғаш рет қыркүйектің қорытындысы бойынша депозиттердің көлемі өткен жылғы желтоқсанның көрсеткішінен асып түсті. Жыл басынан бері өсім 18,7 трлн. теңгеге дейін 2,9% болды және теңгедегі бөліктің 9,6 трлн. теңгеге дейін 16,3%-ға

ғана ұлғаюына негізделді.

Бұл туралы Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңындағы баспасөз конференциясы барысында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып өтті.

Ол шетел валютасындағы депозиттер жыл басынан бастап 9,1 трлн. теңгеге дейін 8,2%-ға теңгенің әлсіреуі нәтижесінде қайта бағалау (2,4%) есебінен, сол сияқты валютадағы депозиттердің айтарлықтай әкетілуі (10,3%) есебінен қысқарғанын атап өтті. Ұлттық валютадағы депозиттердің өсуі долларландырудың қыркүйекте 48,7%-ға дейін одан әрі төмендеуіне ықпал етті. 2016 жылғы қаңтарда ғана депозиттерді долларландыру 70%-ға жеткенін естеріңізге саламыз.

Жеке тұлғалар салымдарының құрылымында шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 56,8%-ды (2016 жылғы қаңтарда – 80%-ды), заңды тұлғалар бойынша 42,5%-ды (2016 жылғы қаңтарда – 62%-ды) құрады.

Д. Ақышев: Банкердің кредиттік белсенділігі жандануын жалғастыруда

Банкердің кредиттік белсенділігі жандануын жалғастыруда. Жыл басынан бастап банкердің экономикаға кредиттерінің көлемі 13,2 трлн. теңгеге дейін 4%-ға ұлғайды.

Бұл туралы Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңындағы баспасөз конференциясы барысында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып өтті.

«Теңгедегі кредиттер 9,5 трлн. теңгеге дейін 10,6%-ға, негізінен ұзақ мерзімді бөлік есебінен өсті. Шетел валютасымен кредиттер 3,7 трлн. теңгеге *дейін* 9,5%-ға қысқарды», - деп айтып өтті Д. Ақышев.

Ол кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме қыркүйекте 14,0%-ға дейін, оның ішінде заңды тұлғаларға берілген теңгемен кредиттер бойынша - 13,1%-ға дейін төмендегенін атап өтті.

Оның айтуынша, салалық бөлікте құрылым іс жүзінде өзгермейді – кредиттердің ең көп көлемі саудаға (18,3%), өнеркәсіпке (14,3%), құрылысқа (7,5%), ауылшаруашылығына (5,9%) және көлікке (4,5%) тиесілі.

Сондай-ақ, ол тұтынушылық кредиттеудің өсіп келе жатқанын атап өтті: «Халыққа тұтынушылық мақсатқа кредиттердің көлемі 9 айда 2,9 трлн. теңгеге дейін 13%-ға немесе 332 млрд. теңгеге ұлғайғанын атап өтті. Ұлттық Банк аталған өсімге ерекше назар

аударарды, өйткені борыш бойынша қызмет көрсететін негізгі база - әлдеқайда баяу өсетін халықтың кірісі болып табылады».

Қаржы секторындағы ахуал туралы

«Банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және кредиттеуді қалпына келтіру мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасын іске асыруда, - деді Д.Ақышев. «Қазіргі таңда Казкомның балансы БТА Банкке проблемалық қарыздан тазартылды, банк қосымша провизиялардың қажетті деңгейін қалыптастырды. Ұлттық Банк Басқармасы 4 банктің 410 млрд. теңгеге өтінімін мақұлдады».

Д. Ақышев, Ұлттық Банктің шаралары қаржылай көмек ұсынумен шектелмейтінін атап өтті. Сонымен қатар, ағымдағы қадағалау процесін жетілдіру және тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшу мәселелері пысықталуда.

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылы ұлғайды - Д.Ақышев

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылы 7,8%-ға өсіп, 2017 жылғы 1 қазанға 923,8 млрд. теңге болды. Компаниялардың сақтандыру резервтері 10,4%-ға 455,8 млрд. теңгеге дейін өсуде.

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы баспасөз конференциясы барысында айтты.

«Сақтандыру нарығын дамыту мақсатында заң жобасы әзірленді. Ол сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға жағдай жасауға, сақтандыру қызметтерінің сапасын арттыруға және құнын төмендетуге, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, сақтандыру нарығының қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі уақытта заң жобасы Парламентте қаралуда», - деді Д. Ақышев.

Данияр Ақышев – зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» кіріс қаңтар-қыркүйекте 462,2 млрд. теңгеге ұлғайды

1 қазанда салымшылардың зейнетақы жинақтары жыл басынан бері 7,5 трлн. теңгеге дейін 853,3 млрд. теңгеге (немесе 12,8%-ға) ұлғайды (ІЖӨ-ге қатысты бұл көрсеткіш 15,5%-ды құрайды).

Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы баспасөз конференциясы барысында айтты.

«Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» кіріс қаңтар-қыркүйекте 462,2 млрд. теңгеге ұлғайды», - деді Д. Ақышев.

Сөз соңында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев қазіргі уақытта зейнетақы активтерін басқару жүйесін жаңғырту мен салымшыға басқарушы компанияны таңдау құқығын беру мәселесінің қаралып жатқанын қоса айтып өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz